

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 сәуірдегі № 104 "Түпқараған ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және маршруттарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 234 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 желтоқсанда № 30941 болып тіркелді

Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Түпқараған ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және маршруттарын айқындау және бекіту туралы" Түпқараған ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 сәуірдегі № 104 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4504 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Түпқараған ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы";

көрсетілген қаулының 2 – тармағы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулының 1 - қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2 – қосымшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түпқараған ауданының әкімі

Р. Елтизаров

Түпқараған ауданының әкімдігінің
2022 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 234 қаулысына қосымша
Түпқараған ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 24 сәуірдегі
№ 104 қаулысына 1 - қосымша

Түпқараған ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны			Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда
---	---------------	--	--	---------------	--

		Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)		объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Форт-Шевченко қаласы, Ораз Бозахаров көшесі, 2/1 ғимаратқа қарама – қарсы	36	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Қарлығаш" дүкені
2	Баутин ауылы, Қ.Күржіманұлы көшесі, 12 үйдің алдында	48	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Тілек" дүкені
3	Баутин ауылы, Қ.Күржіманұлы көшесі, 39 үйдің оң жағында	24	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Альбина" дүкені
4	Баутин ауылы, А.Иманов көшесі, 16 үйге қарама-қарсы	24	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Бердіқожа", " Малика" дүкендері
5	Қызылөзен ауылы, І. Нысанбаев көшесі, 27 ғимараттың оң жағында	18	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	" Ақтаукоопсауда " дүкені
6	Ақшұқыр ауылы , Ә.Қожабергенев көшесі, 26 үйдің сол жағында	12	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Дильназ" дүкені
7	Ақшұқыр ауылы , Б.Қожашев көшесі, 93/3 ғимараттың сол жағында	12	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Мерей", " Аяжан " дүкендері
8	С а й ы н Шапағатов ауылдық округі, Б. Мейров көшесі, 66 үйдің оң жағында	48	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Нұр-Ислам" сауда кешені
9	Таушық ауылы, Т. Қағазов көшесі, 16 үйге қарама-қарсы	12	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарларын сату	"Раяна" дүкені

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК